

Мәртебесі КОЛДАНЫСТАҒЫ	08.04.2022 бастап	№ 3 тексеріс	СТ 28.021-19	Бет 1 из 25
----------------------------------	----------------------	--------------	--------------	-------------


ИНВ. № 20/4949
7.02.2019г.
УМЗ

ҰЙЫМ СТАНДАРТЫ

«Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамы

БЕКІТЕМІН

Сапа жөніндегі директордың м. а.


Д. Сегеда
« 30 » 03 2022 ж.


«УМЗ» АҚ МЕРДІГЕР ҰЙЫМДАРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ ТӘРТІБІ

СТ 28.0021-19
(СТ 28.0021-12 орнына)

Қолданылу мерзімі
11.02.2024 ж. дейін

ӘЗІРЛЕГЕН

НҚЖҚБ бастығы


В. Шотт
« 18 » 03 2022 ж.

Негізгі құрылыс және күрделі
жөндеу бойынша техникалық
қадағалау бюросының бастығы


Д. Макагонов
« 18 » 03 2022 ж.

ӨҚДҚ ӨҚЖЕКБ


В. Цораев
« 18 » 03 2022 ж.

Статус <u>қолданыстағы</u>	08.04.2022 бастап	№ 3 тексеріс	СТ 28.0021-19	Бет. 2 из 25
---	------------------------------------	---------------------	----------------------	---------------------

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт «ҮМЗ» АҚ мердігер ұйымдармен өзара қарым-қатынас жасау тәртібін, сонымен қатар жұмыстар мен қызметтерді сатып алу туралы шарттарды (бұдан әрі мәтінде-мердігерлік шарт) жасасу тәртібінің, мердігер ұйымдардың «ҮМЗ» АҚ аумағына кіргізудің, сондай-ақ құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу жобасын дайындау және келісу тәртібінің бірыңғай тәртібін белгілейді.

Осы стандарттың 7 бөлімінен басқа ережелерін басқа мердігерлік жұмыс түрлерін орындауда қолдануға болады.

«ҮМЗ» АҚ ресми сайтының «Сатып алулар» парақшасында орналастырылған осы стандартпен әлеуетті өнім берушілер тендерлік құжаттамамен танысу кезеңінде таныстырылады. Мердігер ұйымның басшысы мердігерлік шартты орындау барысында осы стандарт талаптарының орындалуын қадағалау жауапкершілігін өзіне алады.

Осы стандарттың қызметін жүзеге асырудда «ҮМЗ» АҚ жұмыскерлері:

-Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы» Заңын және «ҮМЗ» АҚ Сыйбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс қимыл саясатының талаптарын қадағалауға;

- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы» Заңымен белгіленген шаралар жүйесін жүзеге асыруға міндетті.

1 бөлім. **(Өзгертілген реакция, №№2, 3 редакция)**

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттамалар қажет. Мерзімі көрсетілген сілтемелер үшін сілтемелік нормативтік құжаттың тек көрсетілген басылымы, ал мерзімі көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтемелік құжаттың тек соңғы басылымы ғана (оның өзгертулерімен бірге) қолданылады.

2.1 Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы» Заңы.

2.2 ҚР ҚН 1.03-00-2011 Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындарды, ғимараттарды және құрылыстарды салуды ұйымдастыру

2.3 ҚР ҚН 1.03-05-2011 Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

2.4 ҚР ҚЖ 1.03-106-2012 Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы.

2.5 ҰАК СТ 5.0.1-2017 Өндірістік қауіпсіздік стандарттарының жүйесі. Мердігерлік ұйымдарға өндірістік қауіпсіздік саласында қойылатын талаптар.

2.6 ҰАК СТ 5.0.6-2021 Өндірістік қауіпсіздікті бірыңғай басқару жүйесі.

2.7 «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ЕҚжәне ӨҚ 18 22 АЕ Еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдарда еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жағдайы туралы есептің мазмұнына және оның түсіндірме хатына қойылатын талаптар.

2.8 «ҮМЗ» АҚ Директорлар Кеңесінің сырттай отырысының Шешімімен бекітілген «ҮМЗ» АҚ сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс қимыл саясаты, 26.05.2020ж. №7 хаттама.

2.9 СТ 14.0003 Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджмент жүйесі. Тәуекелдерді бағалау.

2.10 СТ 20.0007 Терминдер мен шартты белгілер.

2.11 ИП 14.0010 Экологиялық аспектілерді сәйкестендіру және өзектендіру тәртібі.

2.12 ИП 14.0025 ҚОМЖ және ЕҚҚ ҚОМЖ талаптарын «ҮМЗ» АҚ аумағында жұмыс істейтін ұйымдарға таныстыру тәртібі.

2.13 ИП 18.0008 Келісімшарттарды (шарттарды) есепке алу, пайдалану және сақтау тәртібі.

2.14 ИП 18.0023 «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ-да делегацияны қабылдауға дайындалу және қабылдау тәртібі.

Статус <u>қолданыстағы</u>	08.04.2022 бастап	№ 3 тексеріс	СТ 28.0021-19	Бет. 3 из 25
---	------------------------------------	---------------------	----------------------	---------------------

2.15 ИП 32.0005 «ҮМЗ» АҚ бөлімшелеріне шикізаттарды, материалдарды, реагенттерді, жабдықтарды, энергия тасымалдаушыларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу.

2.16 ИП 19.0003 «ҮМЗ» АҚ қорғалатын периметрінен БӨП арқылы мүлікті алып өту және өткізу тәртібі.

2.17 ИП 19.0010 Мемлекеттік күзетуге жатпайтын «ҮМЗ» АҚ нысандарында бақылап-өткізу режимін жүзеге асыру тәртібі.

2.18 ӨҚДҚ ЖҚ № 14.006 «ҮМЗ» АҚ отпен жұмыс істеу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі»

2.19 ӨҚжәнеЕҚБ ЖҚ 14.024 «ҮМЗ» АҚ аса қауіпті жұмыстарды ұйымдастыру және қауіпсіз орындау тәртібі.

2.20 ӨҚДҚ ЖҚ РД № 14.026 Өрт қауіпсіздігі саласында оқытуды ұйымдастыру, жүргізу және персоналды дербес жұмысқа жіберу тәртібі.

3 Шартты белгілер, қысқартулар.

Осы стандартта СТ 20.0007 бойынша терминдер мен қысқартулар, «ҮМЗ» АҚ басқару құрылымы бойынша қысқартулар, сондай-ақ келесі қысқартулар қолданылады:

3.1 **СҚ:** сұйық қалдықтар.

3.2 **Тапсырыс беруші:** «ҮМЗ» АҚ

3.3 **Инц.:** Инцидент.

3.4 **БӨП:** бақылау-өткізу пункті.

3.5 **ҚЖ:** экологиялық аспектілер тудыратын қалыпты жағдайлар.

3.6 **ҚО:** Қоршаған орта.

3.7 **Мердігер:** Мердігерлік ұйым.

3.8 **Қатты. қалд.:** Қатты қалдықтар.

3.9 **ҚМЖ:** құрылыс-монтаждық жұмыстар.

3.10 **ЖОЖ:** Жұмысты орындау жоспары.

3.11 **АҚЖ:** Аса қауіпті жұмыстар.

3.12 **ӨҚБ БК:** «Өндірістік қауіпсіздікті басқару» бағдарламалық кешені.

3.13 **БЖТ:** «ҮМЗ» АҚ бөлімшесі, жұмысқа тапсырыс беруші.

3.14 **ҚМА:** қауіпсіздіктің мінез-құлық аудиті.

4 Мердігер ұйымды таңдау

Тапсырыс берушінің нақты нысанында жұмыс істейтін мердігер ұйымды таңдау ИП 32.0005 сәйкес жүзеге асырылады.

2-4 бөлімдер (**Өзгертілген редакция, № 3 тексеріс**)

5 Шарт жасау

5.1 Мердігерлік жұмыстарды орындау шартының мәтінінде келесі мазмұндағы мәтін болуы тиіс: «Мердігер ұйым Тапсырыс берушінің аумағында жұмыстарды орындау кезінде ИП 14.0025 баяндалған денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесінің, «ҮМЗ» АҚ қоршаған орта менеджменті жүйесінің талаптарын қадағалау үшін жауапкершілік алады.

Мердігерлік шартты жасасуға жауапты бөлімше Мердігер персоналының біліктілігін ескеруі тиіс.

Мердігерлік жұмыстарды орындау шартына Мердігердің ай сайын есеп берілген айдан кейінгі айдың 1 дейін СТ ҰАК 5.0.6-2021 Н қосымшасына сәйкес ресімделген «Мердігерлік ұйымдардағы өндірістік қауіпсіздік жағдайы туралы мәліметтер» есебін беру туралы міндеттеме енгізілуі тиіс.

(**Өзгертілген редакция, №№ 2, 3 тексерістер**)

Статус <u>қолданыстағы</u>	08.04.2022 бастап	№ 3 тексеріс	СТ 28.0021-19	Бет. 4 из 25
---	------------------------------------	---------------------	----------------------	---------------------

5.2 Шарттар және олардың қосымша келісімдерінің түпнұсқаларын, электронды келісімшарттардың қағаз түріндегі көшірмелері, сондай-ақ ИП 18.0008 сәйкес электронды шарттармен жұмыс істеу тәртібін есепке алу, пайдалану және сақтау тәртібі.

(Өзгертілген редакция, № 2 тексеріс)

5.3 Мердігерлік шартын жасасуға жауапты бөлімше мердігерлік шартқа қол қойылғаннан кейін 5 жұмыс күнінен кешіктірмей оны жасасу туралы хабарламаны ӨҚДҚ және БЖТ жібереді. Мердігермен шарт жасасу туралы ақпаратты шартты ұстаушы-бөлімше ӨҚБ БК-не (ұйымның атауы, жұмыстар жүзеге асырылатын «ҮМЗ» АҚ бөлімшесі, шарттың мәні және оның нөмірі, адам-сағат саны, шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімі) енгізеді.

(Өзгертілген редакция, №№ 2, 3 тексеріс)

5.4-5.6 (Алынып тасталды, № 3 тексеріс)

6 Мердігер ұйымды «ҮМЗ» АҚ күзетілетін аумағына кіргізу рұқсатын ресімдеу тәртібі.

Мердігерлік ұйымды «ҮМЗ» АҚ күзетілетін аумағына кіргізу рұқсатын ресімдеу тәртібі А қосымшасында баяндалған.

7 ҚМЖ ұйымдастыру құжаттары

7.1 ҚМЖ басталғанға дейін ЖОЖ жаслауы тиіс. ЖОЖ «ҮМЗ» АҚ белгіленген тәртіппен «ҮМЗ» АҚ бөлімшелерінің басшыларымен келісілуі тиіс.¹ ЖОЖ жасауды бастамас бұрын үй-жайында немесе аумағында ҚМЖ жүзеге асырылатын бөлімшенің басшылығы мердігердің өкілдерін «ҮМЗ»АҚ қолданылатын нормативтік құжаттамамен таныстыруы тиіс.

7.2 Осы стандарттың 7.5т. көрсетілген жағдайлардан басқа жағдайда келісілген және бекітілген ЖОЖ болмаған жағдайда ҚМЖ жүзеге асыруға тыйым салынады.

(Өзгертілген редакция, № 3 тексеріс)

7.3 Жұмыс орындау жобасының құрамы мен мазмұны ҚР ҚН 1.03-00-2011 талаптарына сәйкес болуы тиіс.

«Жұмыс өндірісінің үлгілік жобасының шаблонуна» сәйкес жасалған («ҮМЗ» АҚ ресми сайтында «Корпоративтік басқару» бетінің «Корпоративтік құжаттар» бөлімінде орналастырылған) ЖОЖ келесілерді қарастыруы тиіс:

– құрылыстың бас жоспары; құрылыс алаңының шекаралары және оның қоршауларының түрлері, қолданыстағы және уақытша жерасты, жерүсті және әуе желілері мен коммуникациялары; тұрақты және уақытша жолдар; көлік құралдары мен механизмдердің қозғалыс схемалары; сыртқы геодезиялық бөлу осінің белгілері мен реперлерін орнату орындары; қолданыстағы және уақытша жер асты, жер үсті және әуе желілері мен коммуникациялары бар құрылыс және жүк көтергіш машиналарды орнату орындары оларды орналастыру жолдарын, әрекет ету аймақтары мен қауіпті аймақтарды; тұрақты, салынып жатқан және уақытша ғимараттар мен құрылыстарды; осы ғимараттарға жақын қауіпті аймақтарды көрсету; жұмыстарды жұмыс қабаттарына (қабаттарға) көтеру жолдары мен құралдарын, сондай-ақ ғимараттар мен құрылыстарға өту жолдарын салу; жерге тұйықтау контурларының орналасуын; құрылыс қоқыстарын жоюға арналған құрылғылардың орналасу орындарын; материалдар мен конструкцияларды қоймалау алаңдары мен үй-жайларын; ірілендіріп жинау алаңдарын көрсете отырып, құрылыс алаңын энергиямен жабдықтау және жарықтандыру көздері мен құралдарын орналастыру санитарлық-тұрмыстық қызмет көрсетуге арналған үй-жайлардың, ауыз су қондырғылары мен демалыс орындарының орналасуы; қауіптілігі жоғары аймақтар мен оларды қоршау тәсілдері; көлік құралдарын жууға арналған құрылғылар.

¹ЖОЖ әзірлеу және келісу тәртібі «ҮМЗ» АҚ ресми сайтында «Корпоративтік құжаттар» бөлімінде «Корпоративтік басқару»бетінде жарияланған.

Статус <u>қолданыстағы</u>	08.04.2022 бастап	№ 3 тексеріс	СТ 28.0021-19	Бет. 5 из 25
---	------------------------------------	---------------------	----------------------	---------------------

Құрылыстың бас жоспары әр түрлі кезеңдерде және көтерілу кезеңдерінде жасалуы мүмкін (дайындық кезеңі, ғимараттың жер асты, жер үсті бөліктерін салу);

- ғимараттар мен құрылыстардың жекелеген бөліктерінің, жұмыс қармауларының жоспарлары;

- технологиялық карталар (схемалар) (тиісті үлгілік құжаттаманы пайдалана отырып) жұмыс сапасын операциялық бақылау схемаларын қоса отырып, жұмыс жүргізу әдістерін сипаттай отырып, материалдардағы, машиналардағы, жабдықтардағы, құралдардағы және жұмыс істейтін қорғаныс құралдарындағы еңбек шығыны мен қажеттілігін, сондай-ақ бөлшектеу жұмыстарының кезектілігін, конструкцияларды уақытша қорғауды көрсете отырып, жекелеген жұмыс түрлерін орындауға арналған ғимараттар мен құрылыстар, конструкциялардың өзіне тән тораптары мен тіліктері;

- ҚР БК 1.03-106-2012 айқындаған құрамдағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі шешімдер;

- қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шаралар;

- № 14.006 ӨҚДҚ ЖҚ және өрт қауіпсіздігі қағидаларымен анықталған құрамда өрт қауіпсіздігі бойынша шешімдер;

- Тексеріп кіргізу және объектішілік режимнің сақталуын қамтамасыз ету, Тапсырыс берушінің мүлкі мен материалдық ресурстарының сақталуын қамтамасыз ету бойынша шаралар, сондай-ақ объектілік және жергілікті қауіпсіздік жүйелерінің, оның ішінде бейне бақылау жүйесінің, күзет және өрт сигнализациясының, кіруді бақылаудың автоматты жүйесінің және т. б. зақымдануын болдырмайтын шаралар;

- жұмыстарды орындау бойынша шешімдердің негіздемесімен қоса түсіндірме жазбаны; құрылыс алаңы учаскелеріне байлау шарттарын негіздей отырып, мобилді ғимараттар мен құрылыстар тізбесін; құрылыс алаңында, ғимараттар мен құрылыстарда материалдардың, бұйымдар мен жабдықтардың сақталуын қамтамасыз етуге және ұрлануын болдырмауға бағытталған іс-шараларды; жұмыс істеп тұрған ғимараттар мен құрылыстарды зақымданудан қорғау жөніндегі іс-шараларды, сондай-ақ ғимараттар мен құрылыстарды бүлінуден қорғау жөніндегі іс-шараларды; табиғатты қорғау іс-шараларын;

- мердігерлік ұйымның қызметкерлері мен автокөліктерінің күзетілетін аумақтағы қозғалыс маршруттық сызбасы.

7.4 (Алынып тасталды, № 2 тексеріс)

7.5 Құрылыс машиналарын қолданбай, от жұмыстарын жүргізбестен, биіктікте жұмыс жасамай, жеке жұмыс операциялары мен жұмыс түрлерін орындауға арналған типтік технологиялық карталар мен нұсқаулықтарды міндетті түрде қолдана отырып, ЖОЖ әзірлемей жүргізуге рұқсат етіледі

(Өзгертілген редакция, №№ 2, 3 тексерістер)

8 Мердігерді жұмысты орындауға жіберу. Нұсқаулық

8.1 ӨҚДҚ мамандары мердігердің персоналы үшін СТ14.0028 сәйкес кіріспе нұсқаулық өткізеді және ол туралы ақпаратты ӨҚБ БК енгізеді.

Нұсқаулықты өткізгеннен кейін мердігердің қызметкеріне «Кіріспе нұсқаулықты өткізу туралы анықтама» (Н қосымшасы) беріледі. Бұл анықтаманы мердігердің қызметкері ҚҚБ рұқсаттама бюросына береді. Мердігер персоналына «Кіріспе нұсқамадан өткені туралы анықтаманы» ұсынбай рұқсаттама беруге жол берілмейді.

8.2 Мердігерлік жұмыстар басталғанға дейін балансында осы жұмыстарды орындау аймақтары болып табылатын ғимараттар мен құрылыстар (немесе бекітілген аумақтар) бар бөлімше басшысы алғашқы нұсқаулық өткізуі және Мердігердің персоналын танысу парағына (Б қосымшасы бойынша парақ нысаны) жеке қолын қойғызып, ӨҚБ БК осы жұмыстарды орындау аймақтары болып табылатын ғимараттармен және құрылыстармен танысқандығы туралы деректерді енгізе отырып келесілермен таныстыруы тиіс:

- осы стандартпен;

Статус <u>қолданыстағы</u>	08.04.2022 бастап	№ 3 тексеріс	СТ 28.0021-19	Бет. 6 из 25
---	------------------------------------	---------------------	----------------------	---------------------

- ИП 14.0025 сәйкес Тапсырыс берушінің аумағында жұмыс істейтін ұйымдарға қойылатын ҚОМЖ және ЕҚЖ ҚОМЖ талаптары;
 - «ҮМЗ» АҚ басшылығының саясатымен, сондай-ақ «ҮМЗ» АҚ басшылығының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы саясатымен;
 - жұмыстарды орындау аймағындағы бөлімшенің тәуекелдер карталарымен және мердігерлік ұйым әкелетін тәуекелдер карталарымен;
 - олардың қызметінің ықтимал экологиялық аспектілері;
 - аварияны жою жоспарымен (бөлімшеде бар болса).
- Мердігер персоналының танысу парағын рұқсат беру актісімен (рұқсат беру жүктемесімен) бірге сақтау керек.

8.3 Жұмыстарды жүргізуге арналған аумақ, ғимараттар мен құрылыстар (не олардың бөліктері немесе жекелеген учаскелері) №14.024 ӨҚжәнеЕҚБ ЖҚ сәйкес ресімделген рұқсат актісіне (жүктеме-рұқсатқа – АҚЖ жүргізу кезінде) сәйкес мердігерге беріледі. Рұқсат беру актісі (рұқсат беру жүктемесі) онда көрсетілген объектіде ҚМЖ өндірісіне рұқсат болып табылады.

БЖТ мердігер жұмысының басталуы туралы деректерді (жұмыстың басталу күні, рұқсат-акт/рұқсат-жүктеме) ӨҚБ БК «Мердігер ұйымдар» қосымша бетіне енгізеді.

8.4 Үй-жайында немесе аумағында ҚМЖ жүзеге асырылатын бөлімшенің басшылығы мердігердің басшылығымен бірлесіп, жұмыс жүргізу басталғанға дейін өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге және бөлімше мен мердігерден оларды орындауға жауапты адамдарды бұйрықпен тағайындауға тиіс.

От жұмыстарын ұйымдастыруға жауапты бөлімше бойынша бұйрықпен тағайындалған тұлға мердігер ұйымның персоналымен ӨҚДҚ ЖҚ № 14.006 және № ӨҚДҚ ЖҚ14.026 сәйкес өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқама өткізуі тиіс.

8.5 Үй-жайында немесе аумағында ҚМЖ жүзеге асырылатын бөлімшенің басшылығы дәнекерлеу және басқа да от жұмыстарын жүргізуге рұқсат берілген мердігердің қызметкерлерінде от жұмыстарын жүргізуге рұқсаттың, біліктілік куәлігінің (дәнекерлеушілер үшін), өрт-техникалық минимум көлемінде өрт қауіпсіздігі саласындағы білімді тексеру жөніндегі куәліктің болуын тексеруге міндетті.

8.6 Мердігердің басшысы бағынышты персоналды қолданыстағы өндіріске негізделген қауіпті және зиянды өндірістік факторлардан жеке және қажет болған жағдайда ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз етуі тиіс.

8.7 Жұмыстарды орындау аймағында жоспарланатын өзгерістер (жұмыстарды жүргізу технологиясын өзгерту, жабдықтарды жаңғырту, қызметтің жаңа түрлерін игеру және т.б.) жаңа қауіп-қатерлер әкелетін болса, онда бөлімше басшысы (немесе оның өкілі) жоспарланатын өзгерістерді мердігердің өкілімен уақтылы талқылауы және жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қолдануы тиіс.

8.8 Бөлімшеге бекітілген аумақта жер қазу жұмыстары жүргізілген жағдайда, рұқсаттама-актіге (рұқсаттама-нарядқа) қосымша ӨҚДҚ ЖҚ №14.024 жж сәйкес ресімделген жер жұмыстарын жүргізуге мердігердің өкіліне рұқсат береді. Рұқсат тікелей желілердің нақты орналасқан жері (немесе олар жоқ) анықталғаннан кейін және желілердің иесі өту трассасын (сигналдық лентамен, белгілермен, қазықтармен, қоршаулармен және т.б.), сондай-ақ алдағы жер қазу жұмыстарын жүргізу орнынан әр жағынан 15 м қашықтықта өтетін желілерді белгілегеннен кейін беріледі.

Жер қазу жұмыстарына рұқсатқа міндетті түрде жер жұмыстары шекарасын және осы ауданда жер асты құрылыстары мен коммуникациялардың бар-жоғын нақты көрсете отырып, «ҮМЗ» АҚ жер үсті жоспарының көшірмесі қоса беріледі.

8.9 БЖТ пайдалануға беру актісіне (орындалған жұмыстар актісіне) қол қойылғаннан және шарт бойынша жұмыстар аяқталғаннан кейін 5 жұмыс күнінен кешіктірмей ӨҚДҚ және шартты ұстаушы бөлімшені хабардар етеді және тиісті мәліметтерді ӨҚБ БК енгізеді.

Статус <u>қолданыстағы</u>	08.04.2022 бастап	№ 3 тексеріс	СТ 28.0021-19	Бет. 7 из 25
---	------------------------------------	---------------------	----------------------	---------------------

(«Мердігер ұйымдар» қосымша бетіне «Мердігер жұмыстарының аяқталғаны туралы хабарлама»).

8 бөлім **(Өзгертілген редакция, № 3 тексеріс)**

9 «ҮМЗ» АҚ жұмыскерлері мен мердігер ұйымның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жауапкершіліктері

9.1 Жұмысты орындау жобасында өрт қауіпсіздігі, ҚОМЖ, ЕҚҚ ҚОМЖ талаптарын дайындаудың толық әрі сапалы болуына мердігер ұйымның басшысы жауапкершілік алады.

9.2 ҚМЖ орындау мерзімі мен сапасын бақылауды НҚЖБ техникалық қадағалау бюросы жүзеге асырады.

(Өзгертілген редакция, № 2 тексеріс)

9.3 Өрт және өндірістік қауіпсіздік талаптарының сақталуына жауапкершілік мердігер ұйымның басшысына жүктеледі.

ҚМЖ жүргізілетін үй-жайда немесе бөлімшенің аумағында өрт және өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылауды Тапсырыс беруші мен мердігер ұйым бөлімшелерінің бұйрықтарымен тағайындалған адамдар жүзеге асырады.

(Өзгертілген редакция, № 3 тексеріс)

9.4 Өрт және өндірістік қауіпсіздік ережелері мен талаптарын бұзуға кінәлі тұлғалар бұзушылықтардың сипаты мен олардың салдарларына байланысты Қазақстан Республикасында қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапты болады.

9.5 ЖОЖ көзделген өртке қарсы іс-шараларын, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды орындамаған және өрт сөндіру құралдарымен, ЖҚҚ қамтамасыз етпеген жағдайда мердігердің басшысы немесе оны алмастыратын тұлға жауапты болады

9.6 9.6 ҚР ҚН 1.03-05-2011 (5.1.3-тармақ) сәйкес машиналарды, қол электр және пневматикалық машиналарды, технологиялық жарақтарды пайдалану кезінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын сақтау жауапкершілігі:

- қорғау құралдарын қоса алғанда, құрылыс машиналарының, механизмдердің, өндірістік жабдықтардың, құрал – саймандардың, технологиялық жарақтардың техникалық жай-күйі үшін - балансында олар бар ұйымға, ал уақытша пайдалануға (жалға) беру кезінде-шартта айқындалған ұйымға (адамға);
- жұмыстарды қауіпсіз жүргізу талаптарын қамтамасыз ету үшін – жұмыстарды орындайтын ұйымдарға жүктеледі.

9.5, 9.6 **(Өзгертілген редакция, № 2 тексеріс)**

9.7 Рұқсат беру актісі (рұқсат беру жүктемесі) бойынша мердігерге берілген учаскелерде ҚМЖ орындау кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылауды мердігер жүзеге асырады.

(Өзгертілген редакция, №№ 2, 3 тексерістер)

9.7 Үй-жайларында немесе аумағында ҚМЖ жүргізілетін Тапсырыс беруші бөлімшелерінің басшылары Тапсырыс берушінің аумағында жұмыс істейтін мердігердің ҚОМЖ талаптарын орындауын бақылауға жауапты болады.

9.8 Тапсырыс берушінің аумағында жұмыс істейтін мердігер ұйымдардың ҚОМЖ талаптарын бұзғаны үшін олардың басшылары жауапты болады.

9.9 Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде мердігер ұйымдар пайдаланатын электр қондырғылары мен электр жабдықтарын пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптары бұзылған жағдайда Мердігер мен Тапсырыс беруші тараптардың баланстық тиесілігін шектеу актісіне және пайдалану жауапкершілігіне сәйкес жауапты болады.

Статус <u>қолданыстағы</u>	08.04.2022 бастап	№ 3 тексеріс	СТ 28.0021-19	Бет. 8 из 25
---	------------------------------------	---------------------	----------------------	---------------------

9.10 Мердігерлік ұйымдар жұмыс істейтін үй-жайларда немесе аумақта Тапсырыс беруші бөлімшелерінің басшылары олардың режимдік талаптарды сақтауы үшін жауапты болады (А қосымшасын қараңыз). Мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің режимдік талаптарды сақтауын бақылауды Тапсырыс берушінің бөлімше басшысының ҚҚКБ бастығымен келісілген бұйрығымен (өкімімен) тағайындалған адамдар жүзеге асырады.

Мердігерлік ұйымның басшысы оның қызметкерлері оларды күзетілетін аумақ бойынша (БӨП жұмыс жүргізу орнына дейін және кері қарай) ауыстыру кезінде режимдік талаптарды бұзған жағдайда дербес жауапты болады.

9.11 Тапсырыс беруші бөлімшелерінің басшылары үй-жайларда немесе олардың аумағында мердігерлік ұйымның қызметкерлері құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізеді, оқу дабылы немесе аварияға қарсы жаттығу жүргізу кезінде Тапсырыс беруші бөлімшесі басшысының талаптарын мүлтіксіз орындауы тиіс мердігерлік ұйымның персоналын қатысуға тартуы тиіс

9.12 Мердігер ұйым қызметкерлері тарапынан еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші бөлімшесінің жауапты өкілі тәртіп бұзушылық толық жойылғанға дейін жұмыс жүргізуді тоқтатуға құқылы.

9.8 – 9.13 (Өзгертілген редакция, № 2 тексеріс)

10 «ҮМЗ» АҚ-да мердігерлік жұмыстарды орындау кезінде экологиялық аспектілерді сәйкестендіру тәртібі

10.1 «ҮМЗ» АҚ үшін бөгде ұйымдар орындайтын жұмыстардың негізгі түрлерінің тізбесі (бұдан әрі-тізбе) және осы жұмыстарды орындау кезінде туындауы мүмкін экологиялық аспектілер тиісінше Г және Д қосымшаларында келтірілген .

10.2 Аумағында немесе үй-жайында мердігер ұйымның күшімен жұмыстарды жүзеге асыру жоспарланған Тапсырыс берушінің бөлімшесі жұмыс тізбесінің жартысына талдау жүргізуі (10.1-қараңыз) және осы жұмыстарды орындау кезінде туындайтын экологиялық аспектілердің маңыздылығын ИП 14.0010 сәйкес бағалауы тиіс. Экологиялық аспектілердің маңыздылығын бағалау парағын ресімдеу үлгісі Е қосымшасында келтірілген

(Өзгертілген редакция, № 2 тексеріс)

10.3 Тізбеге еңбеген жұмыстарды орындау қажет болған жағдайда, бөлімше осы жұмыстармен байланысты экологиялық аспектілерді сәйкестендіруі және олардың маңыздылығына бағалау жүргізуі тиіс

10.4 Аумағында немесе үй-жайында оны қамтитын жұмыстарды жүзеге асыру жоспарланып отырған БЖТ елеулі экологиялық аспектісін сәйкестендіру кезінде Мердігермен алдын ала қарым-қатынас жасасуға жауапты Тапсырыс берушінің бөлімшесін жазбаша хабардар етуге және келесі талаптарды белгілеуге тиіс:

– маңызды экологиялық аспектімен байланысты жұмыстарды орындайтын Мердігер персоналының құзыреттілік деңгейіне;

– маңызды экологиялық аспектімен байланысты жұмыстарды орындайтын персоналдың құзыреттілігінің тиісті деңгейін Мердігердің растауы және тиісті жазбаларды сақтау бойынша ұсыныстар енгізеді.

(Өзгертілген редакция, №№ 2, 3 тексеріс)

10.5 (Алынып тасталды, № 2 тексеріс)

11 «ҮМЗ» АҚ-да мердігерлік жұмыстарды орындауда қауіптерді сәйкестендіру және ЕҚК және ҚОМЖ тәуекелдерін бағалау тәртібі

11.1 Теңгерімінде мердігерлік жұмыстарды орындау аймақтары болып табылатын ғимараттар мен құрылыстар (не аумақтар бекітілген) бар бөлімшенің басшысы тәуекелдерді бағалау жөніндегі бөлімшенің жұмыс тобына жұмыстарды орындау басталғанға дейін мердігер әкелетін тәуекелдерді бағалауды мердігерлік ұйымның өкілімен бірлесіп жүргізуге және СТ 14.0003 бойынша тәуекелдер карталарын ресімдеуге нұсқау береді.

Статус <u>КОЛДАНЫСТАҒЫ</u>	08.04.2022 бастап	№ 3 тексеріс	СТ 28.0021-19	Бет. 9 из 25
---	------------------------------------	---------------------	----------------------	---------------------

11.2 БЖТ персоналын мердігерлік ұйым әкелетін тәуекелдер карталарымен таныстыру СТ 14.0003- сәйкес жүргізіледі.

(Өзгертілген редакция, № 3 тексеріс)

11.3 Қажет болған жағдайда бөлімшенің жұмыс тобының өкілдері «ҮМЗ»АҚ-да жұмыс істейтін ЕҚҚ және ҚОМЖ барлық мәселелері бойынша мердігерлік ұйымның өкіліне кеңес береді.

12 Мердігер ұйымның өндірістік қауіпсіздік саласындағы қызметі бойынша есеп және бағалау

12.1 Өндірістік қауіпсіздік саласындағы мердігерлік ұйымның қызметін бағалау және есеп беру тәртібі ҰАК СТ 5.0.1-2017 (7-бөлім) және ЕҚ және ӨҚ 18 22 АЕ ЕҚ нұсқаулықтарында белгіленгенге сәйкес болуы тиіс.

(Өзгертілген редакция, № 2 тексеріс)

12.2 Үй-жайда немесе аумағында мердігерлік жұмыстар жүргізілген БЖТ басшысы «Мердігерлік ұйым қызметінің бағалау парағын» (ҰАК СТ 5.0.1-2017 Б -қосымшасы) және «Мердігерлік ұйымның еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкестігі туралы қорытындыны» (ҰАК СТ 5.0.1-2017 В қосымшасы), «Мердігер ұйымды тексеру туралы мәліметтер» (М қосымшасы) толтырады және ӨҚДҚ жібереді.

12.3 Шартты ұстаушы бөлімшенің басшысы әрбір айдың 25-күнінен кешіктірмей, қажет болған жағдайда Мердігерден «Мердігерлік ұйымдардағы өндірістік қауіпсіздіктің жай-күйі туралы мәліметтер» есебін сұратады (5.1-қара) және оны БЖТ жібереді.

Әрбір есепті айдың 6-күнінен кешіктірмей ІҚЖ басшысы ұсынылған есептердің негізінде мердігерлік ұйымдардағы өндірістік қауіпсіздіктің жай-күйі туралы және мердігерлік ұйымдарды тексеру туралы ақпаратты дайындайды және ӨҚДҚ жібереді.

12.4 ҰАК СТ 5.0.1-2017 (7.6-тармақ) және ЕҚ және ӨҚ 18 22 АЕ (5.3-тармақ) сәйкес Мердігерлер қызметінің нәтижелері бойынша ақпарат ӨҚДҚ тоқсан сайын «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ өндірістік қауіпсіздік департаментіне жіберетін есепке қосылып есеп берілетін айдан кейінгі айдың 15-күніне дейін жіберіледі.

12.5 Мердігерлер жұмыс істейтін бөлімшелердің ЕҚ және ҚОҚ мамандары (аптасына кемінде бір рет) мердігер персоналының өндірістік қауіпсіздік талаптарын сақтауы бойынша тексеру жүргізеді. Тексеру нәтижелері бойынша К қосымшада келтірілген нысан бойынша акт жасалады, актінің көшірмесі ӨҚДҚ жіберіледі.

12.2а Егер тексеру кезінде мердігердің персоналы болмаған жағдайда, тексеру жүргізуді тіркейтін құжат ресімделеді, ол ӨҚДҚ жіберіледі.

Жүргізілген тексерулер туралы мәліметтер ӨҚБ БК енгізіледі («Мердігерлік ұйымдар» қосымша беті).

12.2 – 12.5 (Өзгертілген редакция, №№ 2, 3 тексерістер)

12.6 Мердігер персоналының өндірістік қауіпсіздік талаптарын сақтауы бойынша тексерулер ӨҚ және ЕҚБ ЖҚ № 14.024 және ҰАК СТ 5.0.6-2021 (1.2 т.) көрсетілген орындалатын жұмыстардың түрлері бойынша жүргізіледі.

12.7 Келесі жұмыстарды орындайтын мердігерлерді тексеруді жүзеге асырмауға жол беріледі:

- осы стандарттың 7.5-іне сәйкес жұмыстың қолданылуы;
- өндірістік объектілерді жобалау, аварияларды, төтенше жағдайларды оқшаулау және жою, өрттерді сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары бойынша жұмыстарды орындау;
- бір жолғы (қысқа мерзімді) жұмыстар.

12.6, 12.7 (Қосымша енгізілді, № 3 тексеріс)

Статус <u>қолданыстағы</u>	08.04.2022 бастап	№ 3 тексеріс	СТ 28.0021-19	Бет. 10 из 25
---	------------------------------------	---------------------	----------------------	----------------------

А қосымшасы

(міндетті)

Мердігер жұмыскерлерін «ҮМЗ» АҚ объектілеріне рұқсатпен кіргізу және келу талаптары

(осы стандарттың 9.11т. 6 бөлімін қараңыз)

А.1 «ҮМЗ» АҚ объектілеріне рұқсатпен кіргізуге қойылатын талаптар

А.1.1 Мердігер басшылығы («ҮМЗ» АҚ жасалған шарт болған жағдайда) «ҮМЗ» АҚ техникалық даярлық жөніндегі директорының атына немесе шарттың иесі болып табылатын басқа басшының атына келу рұқсаттамасын алғаны үшін жауапты тұлға, келу мерзімі және объектінің атауы көрсетілген хат жолдауы тиіс, соның негізінде НҚЖБ хат дайындайды КҚКБ бастығының атына хат дайындайды. Тапсырыс берушінің аумағына мердігердің басшыларын жіберу қажет болған жағдайда НҚжәне ЖБ «ҮМЗ»АҚ Басқарма төрағасының атына хат дайындайды. Хатқа осы ұйым қызметкерлерінің жеке куәліктерінің көшірмелері, облыстық наркодиспансерден, ШҚО психоневрологиялық диспансері ММ, ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ШҚО бойынша Басқармасынан медициналық ауытқулардың, сондай-ақ соттылықтың жоқтығын растайтын анықтамалардың түпнұсқалары қоса берілуі тиіс. Аталған анықтамалар Тапсырыс берушінің объектілеріне кіруге дейін кемінде 1 ай бұрын күнілануы тиіс (шетел азаматтарының Тапсырыс берушінің объектілеріне кіруі ЖК 18.0023 сәйкес жүзеге асырылады. Көлік құралына рұқсат беру қажет болған жағдайда көлік құралын тіркеу туралы куәлікті, сондай-ақ мәлімделген көлік құралын басқару құқығын растайтын құжатты (жүргізуші куәлігі, сенімхат, сақтандыру полисі, жол жүру парағы және т.б.) көрсету қажет. Бұдан басқа, хатқа міндетті түрде мердігер қызметкерлерін осы қосымшада көрсетілген талаптармен таныстыру парағы қоса берілуі тиіс. Ұзақ мерзімді жұмыстарды орындау кезінде мердігер басшылығы жоғарыда көрсетілген анықтамаларды әр 3 ай сайын жаңартып отыруы тиіс.

Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында шарт болмаған жағдайда қысқа мерзімді уақыт кезеңі ішінде (10 жұмыс күніне дейін) Мердігер жұмыскерлерінің БӨП арқылы және Тапсырыс берушінің жұмыскерлерімен бірге алып жүру шартымен Тапсырыс берушінің аумағы бойынша жүріп-тұруына жол беріледі.

Жасалған шарт болған кезде күзетілетін аумақ бойынша мердігердің жұмыскерлері мен автокөлігінің жүріп-тұруы жұмыс жүргізу жобасына қоса берілген маршруттық схемаға сәйкес жүзеге асырылады. Күзетілетін аумақ бойынша Мердігердің қызметкерлері мен автокөліктерінің жүріп-тұруының маршруттық схемасын НҚжәнеЖБ жасайды және міндетті түрде АҚБ және КҚКБ бастығымен келісіледі. Келісілген қозғалыс маршрутынан ауытқуға жол берілмейді.

(Өзгертілген редакция, №№ 2, 3 тексерістер)

